

## Сарыағаш ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 қаңтардағы N 54-415-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Әділет басқармасында 2012 жылғы 7 ақпанда N 14-11-183 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихат сессиясының 2012 жылғы 12 маусымдағы N 6-38-V Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихат сессиясының 2012.06.12 N 6-38-V Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3-бабының 2 тармағына және 311 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 6 бап, 1 тармақ, 8 тармақшасына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты

### **Ш Е Ш Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Сарыағаш ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидасы бекітілсін.

2. Қабылданған шешімнің орындалуын бақылау Сарыағаш аудандық ветеринария бөлімінің бастығы Б.Кокаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Е.Исахов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б.Каипов*

Сарыағаш аудандық мәслихатының  
2012 жылғы «11» қаңтардағы  
№ 54-415-IV шешімімен бекітілген

## **Сарыағаш ауданында жануарларды (ит, мысықтар) ұстау Қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Сарыағаш ауданында жануарларды (ит, мысықтар) ұстау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және 311 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік

басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес әзірленген және Сарыағаш ауданында жануарларды (ит, мысықтар) ұстау тәртібін белгілейді.

## **2. Жануарларды (ит, мысықтар) ұстау тәртібі**

1. Жануарлар (ит, мысықтар) жеке ветеринариялық төлқұжатын беру жолымен сәйкестендіріледі.

2. Жануарларды (ит, мысықтар) беру, сату, сатып алу, сонымен қатар аудан аумағынан тысқары, шығару және кіргізу, жануарлардың (ит, мысықтар) «құтыруға қарсы егілген» белгісі бар ветеринариялық төлқұжаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

3. Мыналарға рұқсат етілмейді:

1) тіркелмеген (есепке алынбаған) және егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

2) жануарларды (ит, мысықтар) көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында, балалар ойнайтын алаңшаларда және көпшілік шаралар өткізілетін жерлерде серуендетуге;

3) иттерді тұмылдырықсыз және ұзын шылбырда серуендетуге;

4) мас күйіндегі тұлғалар мен 14 жасқа толмаған жасөспірімдерге иттерді серуендетуге;

5) адамдардың шомылуына арналған орындарда, су бұрқақтарда және бастау көздерінде жануарларды (ит, мысықтар) шомылдыруға;

6) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналау баспанасы мен питомниктер ұйымдастыруға;

7) жануарларды (ит, мысықтар) көп пәтерлі тұрғын үйлердің және жатақханалардың ортақ пайдаланатын орындарында ұстауға, сонымен қатар сауда орталықтарының аумағына жетектеп әкелуге;

4. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер мен мысықтар тез арада оқшаулаулаанып, бақылау үшін жақын маңдағы ветеринариялық емдеу мекемесіне жеткізіледі.

5. Жануарларды (ит, мысықтар) ұстау ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Санитариялық - гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Қағиданың талаптарын орындаған жағдайда мыналарға:

1) бірнеше жанұялар тұратын тұрғын жайда (коммуналдық пәтерлерде), тек өзінің тұрғын жайында, пәтерде барлық тұрушылардың жазбаша келісімі

бойынша көршілердің дәрігерлік кері көрсеткіші (ұшыну) болмаса, иттер мен  
м ы с ы қ т а р д ы ұ с т а у ғ а ;

2) иттерді тұмылдырықсыз және шылбырсыз елді мекендерден тыс жерлерде,  
мал табындары мен отарларда бос ұстауға рұқсат беріледі.

### **3. Қорытынды қағида**

7. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының  
Заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК